

Уақытша әкелудің шекті мерзімдері Кеден одағының Кеден кодексінде белгіленгеннен ұзағырақ болып белгіленетін тауарлар санаттарының тізбесіне өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 5 мамырдағы № 61 шешімі

Кеден одағы Кеден кодексі 280-бабының 2-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 375 шешімімен бекітілген Уақытша әкелудің шекті мерзімдері Кеден одағының Кеден кодексінде белгіленгеннен ұзағырақ болып белгіленетін тауарлар санаттарының тізбесі мынадай мазмұндағы 14-позициямен толықтырылсын:

"14. Кавказ порты – Керчь порты, Новороссийск порты – 3 (үш) жыл".

Феодосия порты, Геленджик порты – Керчь порты,
Темрюк порты – Керчь порты, Новороссийск порты – Керчь порты, Новороссийск порты – Севастополь порты желілерінде жүктер мен жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыру мақсатында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің тұлғалары тайм-чартер немесе бербоут-чартер шарты бойынша жалдаған, оларға қатысты кедендік әкелу баждарын, салықтар төлеуден толық шартты босату берілген, шетелдік тұлғалардың меншігінде болатын уақытша әкелінетін теңіз паромдары (ЕАЭО СЭҚ ТН 8901 10 100 9 коды)

2. Осы Шешім Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2015 жылғы 28 мамырдағы № 24 шешімі күшіне енген күннен бастап күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

В. Христенко